

FTAMP (МРНТИ) 18.41.85

Бағжан Есіркеп¹, Айзада Бултбаева¹¹Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының
Алматы, Қазақстан**ҚАЗАҚСТАН КОМПОЗИТОРЛАРЫНЫҢ ВИОЛОНЧЕЛЬ
АСПАБЫНА АРНАЛҒАН МУЗЫКАСЫ****Аннотация**

Мақалада Қазақстан композиторларының шығармашылығы және виолончель аспабына арналған туындылары жайында баяндалады. Талдауға алынған шығармалардың стилистикалық, құрылымдық және орындаушылық ерекшеліктері анықталады. Виолончель музыкасының қазіргі таңда дамуы және жалпы қазақ композиторларының стилистикалық ерекшеліктері қарастырылады. Қазақ музыка мәдениетінде виолончель музыкасы тарапынан ерекше орынға ие болатын композиторлар жайлы ақпарат беріліп, олардың шығармаларындағы жалпы ұлттық идеяның көрініс тапқандығы, негізгі ойы, автордың қолтаңбасы, қайталанбас музыкалық бейнесі мен өзара байланысы жайлы баяндалады.

Түйінді сөздер: виолончельге арналған шығармалар, қазақ музыкасы, орындаушылық өнер, интерпретация.

Бағжан Есіркеп¹, Айзада Бултбаева¹¹Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының
Алматы, Қазақстан**ПРОИЗВЕДЕНИЯ КАЗАХСТАНСКИХ КОМПОЗИТОРОВ ДЛЯ ВИОЛОНЧЕЛИ****Аннотация**

В статье повествуется о творчестве композиторов Казахстана и о произведениях, написанных для виолончели. В ходе анализа избранных полотен выявляются стилистические, структурные и исполнительские особенности. Рассматривается современное развитие виолончельной музыки и стилистические особенности их авторов в целом. Также представлена информация о творчестве композиторов, занимающих особое место в виолончельной музыке Казахстана, об отражении в их произведениях общенациональной идеи, основной мысли, стиле автора, неповторимом музыкальном образе и их взаимосвязи.

Ключевые слова: произведения для виолончели, казахская музыка, исполнительское искусство, интерпретация.

Bagjan Esirkep¹, Aizada Bultbayeva¹¹Kazakh National Conservatory named after Kurmangazy
Almaty, Kazakhstan**COMPOSITIONS OF KAZAKH COMPOSERS FOR CELLO****Abstract**

This article tells about the creative work of Kazakhstani composers and the cello pieces. In the process of analyzing were revealed the structural and performance features of selected workp. In generally the modern development of cello music and stylistic features of their authors are considered. It also provides information about the works of Kazakh composers who hold a special place in cello music, the reflection of national idea in their pieces, author's style, the unique musical image and their relationshipp.

Key words: musical composition for cello, Kazakh music, performing arts, interpretation.

XX ғасырдың басында қазақ кәсіби музыкасының дамуы композиторлардың шығармашылық бағыттарының жандануымен байланысты болды. Осы уақыттан бастап Қазақстанда композиторлық мектеп іргетасы қаланды. Ал Кеңес Одағы кезеңінен бастау алған қазақ музыкасын ағартушылар қатары Тәуелсіз Қазақстанның музыка өнерін

насихаттаушы әрі дамытушы композиторлар есімдерімен толыға түсті. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің музыкалық байлығы кәсіби композиторларды шабыттандырып, шығармаларының сарқылмас қайнар көзіне айналып, тақырыптарына арқау болды.

Қазақ музыкасының дамуына, жалпы кәсіби ұлттық музыканың өркендеуіне отандық музыкалық бағытта еңбек етіп келе жатқан заманауи композиторлардың саны қазіргі уақытта көп емес екенін айта кеткен жөн. Осы тұрғыдан қарағанда, өз классикалық шығармаларымен виолончель музыкасының дамуына үлес қосып жүрген композиторлардың еңбегі орасан зор. Қазақстанның виолончель өнері республикамыздың жас мәдениет саласы болып табылады. Оның дамуына әлі де орындаушылар мен мұғалімдер үлкен үлес қосып келеді. Қазір кезде тек Қазақстанда ғана емес, одан тыс жерлерде де концерттерімен танылып келе жатқан орындаушылар, халықаралық конкурстардың лауреаттары, талантты жастардың болуы – қазақ виолончель мектебінің негізін қалаған ұстаздардың еңбегі екені хақ. Виолончель аспабын партитурадағы рөліне қарап тек оркестрдің құрамындағы аспап екен деп саралаған дұрыс емес, яғни, оның камералық әрі виртуозды концерттік аспап екенін ұмытпау керек. Виолончель музыкасы қазақ композиторларының шығармашылығында аз екені шынайы дүние. Себебі, қазақ музыкасында еуропалық бағыттағы академиялық кәсіби өнер түрлері біртіндеп меңгерілді: халық туындыларын өңдеуден бастап концерттік және педагогикалық репертуар жасауға дейінгі уақытты қамтиды [1].

Музыкатанушы Ғ. Ақпарова атап өткендей, виолончель белсенді қолданылатын камералық-аспаптық музыка жанрларында екі үрдісте байқалады: қазақтардың дәстүрлі ән және аспаптық өнерімен терең байланыста болуы – репертуарға домбыра күйлерінің енгізілуі, әуен мен қалыптасу қағидаттарына қатысты өзгермеуі – халық әндерін авторлық өңдеу. Сондай-ақ, халық әуендерінің жеке фрагменттерін өңдеу және оларды түпнұсқа шығармаларда эпизодтық қолдану» – деп орынды тұжырымдайды [2, 138].

1970-1980 жылдар қазақ музыкалық мәдениетінде композиторлардың ізденісте жүріп, жаңа жеке стиль әзірлеген кезеңі болды. Отандық композиторлар өзіндік ұлттық ойлау негізінде жаңа образдарға, стильдер мен жанрларға бет бұрды. Осы кезеңде отандық аспаптық мектептің орындаушылық базасы да қалыптасты. Концерт залдарының сахналарына Жамбыл Күзембайұлы Баспаев және Кенжебек Самифоллаұлы Аңдарбаев сияқты виолончелистер келді. Осылайша, композиторлардың көпшілігі өздерінің шығармаларын әр орындаушының ерекшеліктерін ескере отырып шығарды, жеке шығармаларды нақты бір белгілі орындаушыға арнады.

Ү. Жұмақованың пікірінше «орындаушылық өнер мен композиторлық шығармашылық әр кезеңде өзара байланысты дамыды. Композиторлар өз шығармаларын тыңдауға, оларды тыңдаушыға жеткізуге мүмкіндік алды, ал репертуары табиғи түрде әлдеқайда кең және алуан түрлі болған орындаушылар қазақ музыкасының арқасында өздерінің ұлттық орындау стилін қалыптастырды» [3, 166]. Бұл кезде композиторлардың виолончель аспабына арналған әртүрлі жанрдағы туындылары дүниеге келеді: Ж. Дастеновтың, Т. Мыңбаевтың, Г. Узенбаеваның виолончель мен оркестрге арналған концерттері; В. Новиковтың соната-партитасы, К. Шілдебаевтің, А. Жайымовтың виолончель мен фортепианоға арналған сонатасы; К. Күмісбековтің, Қ. Қожамировтың, Ғ. Жұбанованың, А. Мәмбетовтің поэмалары; А. Васильевтің вокализі; М. Сағатовтың импровизациясы; Е. Андосовтың концерттік күйі; пьесалары және т.б. Яғни композиторлар мен орындаушылар арасындағы байланыс виолончель аспабы арқылы күшейе түсті.


Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан композиторлары ұлттық болмысына үңіле бастайды, фольклорға деген қызығушылық арта түседі, композиторлық техниканың жаңа құралдары мен түрлері пайда болады. А. Әбдінұровтың фортепиано мен виолончельге арналған «Жорға», «Шабыт» деген шығармалары, А. Бестыбаевтың «Қорқыт туралы аңыз», С. Еркімбековтің «Воспоминание» және т. б. шығармалар пайда болады. Осы жылдары сахна төрлерінде отандық мектептің өкілдері – Г. Ходжикова, К. Аңдарбаев, А. Горновский, А. Бөрібаев, М. Аниатов сияқты талантты өкілдер жарқырай түседі. Белгілі бір орындаушыға арналған шығармалар нақты осы кезеңде танымал бола бастайды. Жеке

орындаушылар композиторлар қойған көптеген күрделі тапсырмаларды орындауға тырысады. Солардың бірі – В. Новиковтың әйгілі виолончелистердің біріне бағыттаған виолончель мен фортепианоға арналған «Соната – партита» туындысы болды.

Қазақстан композиторларының еуропалық-кәсіби деңгейдегі виолончельдік музыкасы – ол әлемдік және ұлттық көркемдік тәжірибенің стильдік сипаттамаларына, өзіне тән ерекшеліктері мен мазмұндылығына, халық шығармашылығына, жанрлар мен формалардың әртүрлілігіне сай келеді. Қазақстанда виолончельдің көркемдік мүмкіндіктерін дамыту мен кеңейтудің жаңа жолдары композиторлық, сондай-ақ, орындаушылық бағыт арқылы жаңа музыкалық құндылықтарды құрумен айқындалады. Осы орайда, қазақстандық композиторлардың виолончель аспабына арналған түрлі жанрдағы, әртүрлі құрамдардағы жанрларды қамтитын шығармалары бар. Соның ішінде, Т. Базарбаев, А. Сағат, А. Райымқұлова, А. Меттус, В. Новиков, М. Рахимбаев, Е. Қанапиянов, Д. Бахаров, Б. Қыдырбек сынды атақты заманауи композиторлардың туындылары. Жаңа кәсіби композиторлық мектепті құру процесінде қазақ музыкалық мәдениетінде музыкалық шығармалар мен жанрлардың жаңа формалары пайда болады. XX ғасырдың бірінші жартысында біздің композиторлар симфония, аспаптық концерт, кантата, оратория, опера, балет, ансамбльдік, оркестрлік және хор сияқты классикалық еуропалық музыканың барлық бағыттарын игерді. Осы тұста пианист әрі композитор Абдысагин Рахат-Би шығармашылығындағы аспаптық музыкасы, виолончельге арналған шығармаларының өзгешелігі, күрделі орындаушылық техника және тағы да басқа ерекшеліктері көзге түседі. Циклді бөлімдерінің негізгі интерпретациясы мен музыкалық құрылымдылығы қазіргі композиторлық сұраныс пен заман талабына сай, қазақ музыкасындағы виолончель мен симфониялық оркестрге арнап жазылған тұңғыш шығарма болып табылады. Бұл «*Phantom reflections*» шығармасы сан алуан штрихтарға өте бай. Бұл шығарманың орындаушылық интерпретациясы өте кең, техникалық орындаушылық жағынан күрделі. Екі бөлімінде де толық дыбыстылық пен виртуозды ойынды қамтиды. Жалпы бұл туындыдан автордың классикалық композиторлық мектептен байланысы байқалады.

Виолончельге арналған дүниені шығарудың бастапқы кезеңінде Р.Абдысагиннің музыкасынан миниатюраға деген құштарлығы байқалады. Ол ұлттық бейнелердің, фольклордың, ерекше шығыс дүниетанымының бай әлемін бейнелеуге мүмкіндік берді. Әрине ондай бастама қазақ нақышының өзін-өзі айқындауы мен автордың өзіндік стилін қалыптастыру үшін маңызды. Миниатюра – формасы мен мазмұны жағынан «мобильді» жанр екендігі, орындауға және тыңдарманның қабылдауына ыңғайлы, жаңа көркемдік бейнелер мен экспрессивтілік бағыттарын іздеуге қолайлы екені анықталды. Камералық және бағдарламалық жанрдағы шығармаларды жазу барысында қазақ кәсіби музыкасының жаңа стилін қалыптастырудың негізгі шарттары анықталып, көркемдік мазмұнның негізгі белгілері мен оны іске асырудың шығармашылық бағыттары біртіндеп қалыптасқаны көрінеді.

Кесте.1 Виолончельге арналған қазақ композиторларының шығармашылығындағы негізгі ерекшеліктер



Кестеде көрсетілгендей, виолончельге арналған қазақ композиторларының шығармашылығындағы негізгі ерекшеліктерге музыкалық-құрылымдық ерекшелік, қазақ музыкасының қолтаңбасы және орындаушылық интерпретация жатады.

XX ғасырдың көрнекті композиторларының шығармашылығына арналған әр түрлі зерттеулерде композиторлардың туындыларындағы орындаушылық интерпретация қаншалықты тиянақты, орынды, сонымен бірге принципті болғандығы туралы айтылады. Мысалы: Ғ. Жұбанованың виолончельге арналған «Мерекелік күй» пьесасының орындаушылық ерекшеліктерін айтып өтер болсақ, бұл туынды алғаш рет М. Аниатов пен Г. Кононенконың орындауында шырқалып, тыңдармандарды ұлттық музыка колоритінің әсерлі де жігерлі қозғалыс стихиясымен баурап алды. Бұл пьеса атақты Дина апамыздың «Әсем қоңыр» күйімен байланыс табады. Кіші формада жазылған шығармалар қатарына жататын «Мерекелік күй» симфония жанрының ерекшеліктерін танытады. Сондай-ақ, бұл жерде Дина Нұрпейісованың лирикалық туындысына салынған ішкі энергия да ашылады. Шығарма ауқымдылығымен, дыбыс қуатымен, регистрлік түсімен ерекшеленеді. Пьеса формасын еркін үш жиілік деп сипаттауға болады, ортасында жаңа ән тақырыбы пайда болады, ал пульстық синкопа ырғағы сүйемелдеуде сақталады. Жалпы бұл шығарма штрих-ерекшеліктері *staccato*, *spicicato*, *detache* және *legato*-ны қолданумен ерекшеленеді, сонымен қатар *collegno*, *pizz* түрінде арнайы әдістер қолданылады. Яғни ұлттық музыкалық аспабымыз домбыраның қағыстық ойнау ерекшеліктеріне байланыстырыла орындалады.

Қорыта келе, келесі тұжырымдарды ұсынуға болады:

Қазақстан композиторларының шығармашылығындағы виолончельге арналған туындылар полифониялық және гармоникалық бағыттарды жаңартудың белсенді ізденістері арқылы дамыса да, бұл жеке композиторлық стиль ерекшеліктерін анықтауға ықпал етеді; әр түрлі буын композиторларының виолончельге арналған шығармаларын жазудың ең қолайлы кезеңі де, шығармаларының жанрлық палитрасы да алуан түрлі болып келеді; Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін Қазақстан композиторлық мектеп өкілдері көптеген кәсіби жанрларды дамыту барысында тақырыпты және мазмұнды бейнелер мен формаларды жаңарта отырып, ұлттық тарихтың бастауына бет бұрды; қазіргі кезде музыкалық лексика кеңейіп, фольклордың ежелгі үлгілері қайта жанданып, композиторлық техниканың құралдары мен түрлері байытылуда; Қазақстан композиторлары шығармашылығының заманауи қоржынында әр түрлі жанрдағы шығармалар бар – бұл шағын формадағы миниатюралар және құрылымы жағынан күрделі, кең, көп бөлімді, еуропалық композиция мектебімен синтезделген қазақ ұлттық музыкасының элементтері бар шығармалар.

Қорыта айтқанда, дәстүрлі емес орындаушылық тәсілдердің ерекше міндеттеріне шығарманың бейнесін, оның орындаушылық тұжырымдамасын және шығарманың ұлттық болмысын көрсету үшін интонациялық форманы құру және түсіну қажет. Сол себепті қазақ виолончель музыкасын орындау мәселелеріне жүгіну оның стилистикалық ерекшелігін, әлемдік виолончель өнері контексіндегі дәстүрлер мен жаңашылдық проблемаларына қатысты маңызды мәселелерді шешуге көмектеседі.

Әдебиеттер тізімі

1. Композитор // Музыкальная энциклопедия / под ред. Ю. В. Келдыша. — М.: Советская энциклопедия, Советский композитор, 1978. — Т. 2
2. **Ақпарова Г.** Жанр сонаты в камерно-инструментальном творчестве композиторов Казахстана (1930-1990 гг.) (Рукопись канд. Диссертации). Алматы, 2009
3. **Джумакова У.** Творчество композиторов Казахстана 1920-1980-х годов. Проблемы истории, смысла и ценности. Астана: Фолиант, 2003, 232 с.

References (transliterated)

1. Kompozitor // Muzykal'naya enciklopediya / pod red. Yu. V. Keldysha. — M.: Sovetskaya enciklopediya, Sovetskij kompozitor, 1978. — T. 2

2. *Akparova G.* Zhanr sonaty v kamerno-instrumental'nom tvorchestve kompozitorov Kazahstana (1930-1990 gg.) (Rukopis' kand. Dissertacii). Almaty, 2009
3. *Dzhumakova U.* Tvorchestvo kompozitorov Kazahstana 1920-1980-h godov. Problemy istorii, smysla i cennosti. Astana: Foliant, 2003, 232 p.

Авторлар туралы мәлімет:

Есіркеп Бағжан – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 2 курс магистранты. Алматы, Қазақстан.

Бултбаева Айзада Зейкеновна – өнертану кандидаты, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының доценті.

Сведения об авторах:

Есіркеп Бағжан – магистрант 2-го года обучения Казахской национальной консерватории имени Курмангазы. Алматы, Казахстан.

Бултбаева Айзада Зейкеновна – кандидат искусствоведения, доцент Казахской национальной консерватории имени Курмангазы.

Information about the authors:

Bagjan Ecirkep – 2nd year Master's student of the Kazakh National Conservatory named after Kurmangazy. Almaty, Kazakhstan.

Aizada Zeikenovna Bultbayeva – candidate of art Sciences, associate Professor of the Kazakh National Conservatory named after Kurmangazy.